

## Реферат

### Баланың тісін күту ережелері

Мед бике *Ас* Асанбаева Ж 2023ж


Баланың тісін қалай күту керек

POSTED BY МАХАББАТ АБДЕШОВА

/ 30.03.2012 / 2 КОММЕНТАРИЯ

Кішкентай баланың тісін қалай күтуге болады? Нәрестенің тістері қай жастан бастап шығады? Хабарсыз болсаң, төмендегі мәлімет сізге ең керекі.

Баланың тісі алты айлығынан бастап өсе бастайды. Бірақ ауыз қуысын күтуді жаңадан тіс шыққанға дейін бастау керек. Ал 3 жасына қараған шағында олардың барлық сүт тістері шыға бастайды. 6 жасқа толар-толмас олар түсіп, орнына тұрақты, азу тістер өседі. Азу тістер 13 жасқа қарай толығымен шығып болады.




Баланың тісін күту ережелері. [skpulsar.ru](http://skpulsar.ru)

Туылғанға бастап 2 жасқа дейін:

1. Баланы тамақтандырғаннан кейін қызыл иекті ылғалды сүлгімен үнемі сүрту керек.
2. Баланың тісін су жән жұмсақ мәсуекпен күніне екі рет ысу керек.
3. Тіс дәрігеріне бір жасқа толғанға дейін көрсету керек.





Баланың екі жасына дейін толық тісі шығуы қажет

3-5 жас аралығында

1. Құрамында фторы бар тіс пастасын 3 жастан бастап пайдалану керек.
2. Баланың тіс жууын және тісін ысып болғаннан кейін тіс пастасын толығымен түкіріп тастауды қадағалау қажет.
3. 4 жасына таман саусақ пен емізік сорулы қойдырған жөн.
4. Баланы әрбір жарты жыл сайын тіс дәрігеріне тексертіп тұрған абзал.



Балаға үш жастан бастап тіс жууды үйрету керек

6-9 жастағы кезде

1. Балаға сүт тістерінің түсуі- қалыпты жағдай екенін және енді «ересек» тістердің өсе бастайтынын түсіндіру керек.



2. Бала өз тісін өзі жуатындай дәрежеге жеткенше, ата-анасы тіске арналған жіпшен тазалауға үйрету керек.

3. Баланың әсіресе артқы тістерін мұқият тазалау керек.



6-9 жас аралығында олардың сүт тұстері түсіп, азу тістері шығады. [www.manuski.ru](http://www.manuski.ru)  
10 жастан бастап жоғары жастағылар

1. Жасөспірімдерге күнделікті тісін тазалап тұруына кеңес беру керек.
2. Өрбір тіс щеткасын 3 ай сайын ауыстырып тұру тиіс.
3. Тісті тазалағанда әрбір бөлігін асықпай, ысқылап жуу керек.
4. Тісті күніне таңғы астан кейін және кешкі астан соң тазалау керек.